

## Жұмыс орындары квотасын белгілеу туралы

### *Күші жойғал*

Қарағанды облысы Шахтинск қаласының әкімдігінің 2019 жылғы 6 ақпандағы № 6/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 7 ақпанда № 5179 болып тіркелді. Күші жойылды – Қарағанды облысы Шахтинск қаласының әкімдігінің 2019 жылғы 25 қарашадағы № 48/02 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – Қарағанды облысы Шахтинск қаласының әкімдігінің 25.11.2019 № 48/02 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы", 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңдарына сәйкес, Шахтинск қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Меншік нысанына және меншіктің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанына қарамастан ұйымдарға жұмыс орындары квотасы белгіленсін:

1) 1–қосымшаға сәйкес бас бостандығының айыру орындарынан босатылған адамдар үшін қызметкерлердің тізімдік санынан 1 пайыз мөлшерде;

2) 2–қосымшаға сәйкес пробация қызметі есебінде тұрған адамдар үшін қызметкерлердің тізімдік санынан 1 пайыз мөлшерде.

2. Шахтинск қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 54/02 "Жұмыс орындары квотасын белгілеу туралы" қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4581 тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіде электрондық түрде 2018 жылдың 26 қаңтарда, 2018 жылдың 2 ақпанда № 5 "Шахтинский вестник" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары К.К. Тлеубергеновке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі*

*С. Аймаков*

1 қосымша

Шахтинск қаласы әкімдігінің  
2019 жылғы 6 ақпандағы  
№ 6/01 қаулысына қосымша

**Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындары квотасы белгіленетін ұйымдардың тізімі**

№	Ұйымның атауы	Қызметкерлердің тізімдік саны	Квотаның көлемі (% қызметкерлердің тізімдік санынан)	Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарының саны
1	"Апрель-Кулагер" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	204	1	2
2	"Шахтинскводоканал" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	202	1	2
3	"Шахтинсктеплоэнерго" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	294	1	3
4	"Шахтинск қаласының емханасы" Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын	432	1	4
5	"Шахтинск қаласының орталық ауруханасы" Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын	359	1	4

2 қосымша  
Шахтинск қаласы әкімдігінің  
2019 жылғы 6 ақпандағы  
№ 6/01 қаулысына қосымша

## **Пробация қызметі есебінде тұрған адамдар үшін жұмыс орындары квотасы белгіленетін ұйымдардың тізімі**

№	Ұйымның атауы	Қызметкерлердің тізімдік саны	Квотаның көлемі (% қызметкерлердің тізімдік санынан)	Қылмыстық-атқару жүйесінің пробация қызметі есебінде тұрған адамдар үшін жұмыс орындарының саны
1	"Апрель-Кулагер" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	204	1	2
2	"Шахтинскводоканал" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	202	1	2
3	"Шахтинсктеплоэнерго" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	294	1	3
4	"Шахтинск қаласының емханасы" Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын	359	1	4
5	"Шахтинск қаласының орталық ауруханасы" Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын	432	1	4

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК